

ӘОЖ 1(574)

Ж.А. Әмірқұлова*, С.А. Жолдыбаева, Д. Дариябек

Философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: zhamyliya@mail.ru

**XX ғасырдың басындағы ұлттық ояну
философиясының қалыптасуы**

Мақалада XX ғасырдың басындағы қалыптасқан ұлттық өзін-өзі тану мәселесі сарапталады. Тарихта бірде-бір қоғам өзінен бұрынғы буынның ақыл-ойын, парасатын, үрдісін, тәжірибесін пайдаланбай өмір кешкен емес. Әрбір халықтың рухани байлығы, өмір сүру салты ұрпақтар сабақтастығына негіз болады да мәдениет, дін, тіл, білім-ғылым, құлық құндылықтарын аса өзгеріссіз сақтап, ұлттық бірегейлікке қызмет етеді. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ой-пікірлеріне философиялық сараптама жасап, отандық философия тарихының елеулі бір кезеңі ретінде қалыптастыру жұмысы енді-енді қолға алынып жатыр. Бұл кезеңді салықалы зерттеу өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық философияның концептуалдық түсініктерін толықтыра түсу мәселесі де сөз болады. XX ғасыр басындағы интеллигенцияның алғашқы өкілдері халық мүддесін өз мүдделерінен жоғары қойып, бар қажыр-қайраттарын қоғамды, адамды жаңартып жаңғырту ісіне, заман талаптарына сай жаңа тұлға қалыптастыру мақсатына жұмсаған, осы мақсаттың басты құралы ретінде күрескер ағартушылықты таңдаған себептері айшықталады.

Түйін сөздер: ұлттық ояну, философия, интеллигенция, ағартушылық, дәстүр.

Zh.A. Amirkulova, S.A. Zholdybaeva, D. Dariyabek

Formation of philosophy national awakening in the early XX century

The article clarifies the meaning emerged in the early twentieth century, the problem of national self-determination. In history there is no such society that existed, based on ideas, thoughts, traditions and experience of older generations. Spiritual wealth, living traditions are the basis of continuity of generations, and on a par with the culture, religion, language, knowledge, core values define the mentality of national uniqueness. Only obvious philosophical analysis, work has begun on the Kazakh social thought of the early twentieth century as significant in the history of the era. In this regard, we can talk about the problem of full conceptual understanding of national philosophy. First intellectuals of the early twentieth century, putting people's interests above their own, threw all its forces to the renewal of society, man.

Key words: national awakening, philosophy, intellectuals, education, tradition.

Ж.А. Амиркулова, С.А. Жолдыбаева, Д. Дариябек

Становление философии национального пробуждения в начале XX века

В статье уточняется смысл сформировавшейся в начале XX века проблемы национального самоопределения. В истории нет такого общества, которое бы существовало, не опираясь на идеи, мысли, традиции и опыт прежних поколений. Духовное богатство, жизненные традиции являются основанием преемственности поколений, и наравне с культурой, религией, языком, знанием, базовыми ценностями менталитета определяют национальную уникальность. Лишь совершив философский анализ, была начата работа над казахской общественной мыслью начала XX века как значительной в истории эпохой. В этой связи можно говорить и о проблеме полного концептуального понимания национальной философии. Первые представители интеллигенции начала XX века, поставив интересы народа выше своих собственных, бросили все свои силы на обновление общества, человека.

Ключевые слова: национальное пробуждение, философия, интеллигенция, просвещение, традиция.

Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы жады мен санасының түлеуі еуропалық индустриалдық және постиндустриалдық қоғамға өтуімен тікелей байланысты. Ол кезеңдегі әлемдік дәуірді колониялдық, басып-жаншу дәуірі деп айтсақ та болады. Әлемдік жаңару мен жаһандану кубылыстарының өрлеуінен, мәдени және саяси, әскери ықпалдастықтардан әлем халықтарының рухани және материалды бітім-болмыстары елеулі өзгерістерге ұшырады. Ата-баба өсиеті мен мұрасы дәстүршілдікті құптап, оған берік болуды армандаса, XIX ғасырда қазақ кеңістігінде орын алған ағартушылық құбылысы (Шоқан, Ыбырай, Абай) білім мен ғылымды бақытқа жеткізетін құрал ретінде жоғары қойып, жастарды жаппай ғылым-білім жолына шақырды. Дәстүрлі мәдениеттің жаңғыруын, өзге мәдениет жетістіктерін оған икемдеуін ұсынды. Қазіргі тілмен айтқанда батыстық технология мен шығыстық руханилықты үйлестіргілері келгендігін аңғарамыз.

Ұстаз Ағын Қасымжанов айтқандай: «Алғы жүзжылдықта Дала мен Орта Азия халықтарының тоғысуында қандай сәттер күтіп тұр? Күн астынан лайықты түрде өз орнымызды табу жайлы Абылай мен Кенесары да ойланып кетті» [1, 223 б.]. Өз халқының төл мәдениетін заман талабына бейімдеп, жан-жақты насихаттап, жалпы адамзаттық мәдениетте өз орнын ойып айқындау сол уақыттың сұранысы болатын. Ағартушылық XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы отаршылдық езгідегі халқымыздың әлеуметтік-саяси және рухани дамуын үдетудегі бірегей жол, құрал, бағыт болды десек қателеспейміз. Сондай-ақ, ол кейбір зерттеулерде саяси және мәдени жаңғыру үшін болған күрестің идеялық бастамасы ретінде де айшықталады және бұл өте қысынды. Тұрмыстың дәстүршілдік ұстындарынан гөрі батыстық сананың ұстындарын, Батыстың мәдени институттары мен құндылықтарын игеруге шақырған қазақ ағартушылығының элитарлық бағытта жүргенін, негізгі әлеуметтік-саяси мәселелерді, ұлттың бірегейлену мен ұлттық азаттық мәселелерін шеше алмағанын айта кету керек. Бұл мәселелер олардың ағартушылық идеологиясының бағдарламаларынан тыс жатты. Дегенмен ағартушылық идеялар кейінірек реформаторлықпен бірігудің нәтижесінде қоғамдық санада жаңа идеялық ағымдардың пайда болуына түрткі болды.

XIX ғ. бастап Ресейдің орталық және оңтүстік

аудандарынан, орыс, украин шаруаларын тоғытып, қазақ жеріне жаппай қоныстандыру үдей түсті. Қазақстанның бұрынырақ патшалық иелігіне жазылған қорықтарымен бірге, енді өзен бойларындағы, көл аңғарларындағы егінді – сулы өңірлер жаппай жаңа қоныс аударушыларға бөлініп беріліп, малмен күн көретін жергілікті халық Американың үндістері сияқты оты-суы тапшы, шөлді, шөлейт құлазыған қу далаға тықсырылды. Жаңадан қоныстанушылар жер, су, елді мекендерге өз аттарын беріп немесе ескі аттарды өздеріне ыңғайлап, бұрмалап, тіл сындыратын атаулар беріп, өлкенің жағрафиялық келбетін де өзгерте бастады. Бұл тарихты, ұлт мәдениетін, санасын өзгеріп, тұтас бір халықтың өткені мен рухын аяққа таптау еді. Осы кезеңді терең зерттеген ғалымдардың бірі профессор М. Қойгелдиевтің пікіріне сүйенсек, ол былай деді: «Столыпин реформалары тұсында (XX ғасырдың басы) бұл саясат өзінің шарықтау шегіне жетті. Ғалымдардың есебі бойынша 1917 жылға дейін Патша үкіметі шамамен 40 млн. десятина қазақ жерін ішкі Ресейден келіп қоныстанушы шаруа мен казактарға үлестірді. Бұл – жергілікті тұрғындардың үлесінде қалған 212 млн. десятина қазақ жерімен салыстырғанда, егіншілікке қолайлы өзен, көл жағалаулары, яғни басым бөлігі шөл және жартылай шөлейт қазақ даласының ең құнарлы бөлігі. XX ғасырдың басында қалыптасқан бұл жағдай дәстүрлі қазақ шаруашылығының дағдарысқа ұшырауына негіз болған еді. Сондай-ақ бұл саясат рухани отарлау, шоқындыру, билеуші мен кіріптар арасындағы психологиялық стерротиптерді біріндеп, тереңдеп енгізумен қатар жүрді [2, 37 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында өлкеге сауда капиталынан басқа өндіріс капиталы да кіре бастады. Риддер, Қарағанды кен орындарын француз алпауыттары игеріп, талауға кірісті. Барлық қалаларда тері илейтін, жүн жуатын, мал соятын қасапханалар, ұн тартатын, тұз өндіретін кішігірім өндіріс орындары пайда бола бастады. «1860 жылдардың аяқ кезінде Бүкіл россиялық нарыққа Қазақстан мал, тері-терсек, жүн-жұрқаның барлығын ең мол беретін өлке болды.

Мысалы, 1867 жылы Сібір мен Орынбор тараптарынан Европалық Россияға жіберілген малдың 91,8%, терінің 66,9%, жүн-жұрқаның 94,1% қазақ сахарасынан барады» [3, 6 б.].

Мұнымен қатар қоғамдық сатының төменгі жағынан орын алған жаңа әлеуметтік топ – қала жатақтары да пайда болды. Бұған себеп,

Қазақстандағы шаруашылықтың жартылай, отырықшы сипат ала бастауы және қалалардың пайда болуы. Халықтың егіншілік кәсіппен көбірек айналысып, отырықшылыққа көше бастауын XIX ғасырдың соңғы жылдарымен белгілеуге болады. Бодандық күшейген бұл жылдарда орыс шаруалары мен қазақ байларының ең шұрайлы жерлер мен шабындықтарды иеленуі, жай халықтың малын зор шығынға ұшыратып, әлсіретіп, кіріптар тәуелділікке түсуге мәжбүр етті. Осы жағдай көп отбасыларын күнкөрісті егіншіліктен іздеп, дәстүрлі өмір салтынан ажырай бастауына әкеліп соқты. Егер XIX ғасырда егіншілік малшылықтың қосалқы демеушісі ғана болып келсе, енді XX ғасыр басында ол тіршіліктің, іс-әрекеттің басты айнасына айналды.

Бодандықтың соңғы жүз жылының нәтижесін аз ғұмыр кешсе де куә болған Сұлтанмахмұт Торайғыров былайша сипаттап, ұлтын оянуға шақырған еді:

«Бұл елдің түрік еді арғы заты,
Жаһанды тітіреткен салтанаты.
Бұл күнде азып-тозып күлкі болған,
Бұлар да сол түріктің жұрағаты».

Әйтсекте, аталмыш жағымсыз құбылыстарға қарсы 1909 жылы кең байтақ қазақ даласын дүр сілкіндірген үш туынды дүниеге келді. Бірі Хакім Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», үшіншісі – Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» аты жинағы. Сол кезеңдегі қоғамдық өмірге баға берген «Қазақ зиялылары хақында» атты мақаласында халықтың тағы да бір аяулы ұлы Сәкен Сейфуллин былай деп жазды: «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жылдан бастап-ақ революциялық идея, ұлттық теңдік пен азаматтық үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының ол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды» [4, 5 б.]. Қошке Кеменгерұлының айтуынша, Абай, Ахмет, Міржақып сөздерін ел қазақтары құран сөзіндей қабылдап, жаттап жүрді. Өйткені, қазақ қоғамдық ой-пікірінде Абайға ілесе дүниеге келген, дананың қыршын кеткен сүйікті ұлы Әбдірахманмен замандас «жаңа жолға басшы» болуға лайық Ахмет, Міржақыптар өкінішке, қайғы-қасіретке бой алдырудан алшақ, халқының болашағы үшін саналы іс-әрекетке бет бұрған ұрпақ болатын. Әлихан Бөкейхановтың қазақтың

бас ақыны санаған, ерен ойшыл Абайдың өзі халқын арандатушылыққа итермелеуден қашып, ағартушылықтан асып қимыл-әрекетке шақырған жоқ. Ал Ахмет пен Міржақып болса ағартушылықпен қатар қимылға, іс-әрекетке, оянуға шақырды, өйткені заман өзгерді.

Тарих сахнасына Кенесары Қасымұлы, Исатай, Махамбет, Сырым Датұлы сияқты азаттықты аңсап, күресіп өткен ерлердің орнына жаңа әлеуметтік-саяси күш әр салада тиянақты еуропалық білім алған алғаш ұлттық интеллигенция келді. Бұлар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев, Мұстафа Шоқайұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Қошке Кеменгерұлы, Мұхтар Әуезов сынды халық қалаулары. Әрине бұл аталған тұлғалардың біреулері Алаш қозғалысы аясында, екіншілері Түркістан мемлекетін құру мақсатында, үшіншілері Кеңес Үкіметінде қызмет жасау жолдарында өздері армандаған бостандық, теңдік, туысқандық идеяларын жүзеге асыру үшін жан аямай әрекет жасады. Өмір жолдарының басында бәріне ортақ мақсат қазақ халқын ағарту, білімін көтеру, бастарын біріктіру, адамдық қасиеттерін жаңа тұғырға көтеру болды.

Ахмет «Адамдық диканшысы» аты зор әлеуметтік, тәлім-тәрбиелік мәндегі өлеңінде:

«Адамдық диканшысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың»,

– деп [5, 34 б.] өзінің алдына қойған мақсат-мұратын бүкіл еліне жариялап, паш етеді.

Міржақып болса күйректік, бағыныштылық, құлдық сезімдерді жиып тастап, қысыр қиялмен өзін-өзі алдап, қарап отырудан бойын аластап, осындай адами күйге отандас бауырларын да тартуға әрекет жасайды. Саяси күрескерліктің алғашқы сабағын Әлихан мен Ахметтен Омбы мен Қарқаралыдан алған Міржақып ерекше қайсарлық мінез танытады. Бұл жөнінде профессор Жұмағали Ысмағұлов былай деп келтіреді: «Кеменгер ұстаз бен зейінді шәкірттің бірін-бірі іштей ұғысуы ма, әлде ұзақ жорықтарда қол бастаған қас батырмен қатерлі жолға бас байлаған қаһарман ұланның семсер үстінде

серттесуі ме, қалай болғанда да бұдан былайғы бүкіл өмірлерін бір мақсаттың тәуекеліне тігіп, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ердің жүздесіп кездескен жері – осы Омбы қаласы болып еді» [6, 7 б.].

Ұлт-азаттық қозғалысының ұраны іспеттес «Оян, қазақ!» осы қозғалыс басшыларының да көкейтесті арманын жария етті.

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым енді жату жарамасты» [7, 24 б.].

1913 жылы жарық көрген «Азамат» жинағының алғы сөзінен «Оян, қазақтан» кейін қуғын-сүргін дозактарынан жасымай, керісінше шириғып шыққан Міржақыптың алған бағытының ақтығына әбден көзі жетіп, осы жолда жан пида деген шешімін аңғарамыз.

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісті көп тамаша ағаш.
Қалағанша жарты жаңқам мен сенікі –
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш□» [7, 100 б.].

Әрине Міржақып бүкіл күш қуатын халқының жарқын болашағы үшін қияры анық. Оның 1913 жылдан кейінгі ғұмыры да үнемі арпалыста, айқаста өтті.

Жоғарыда аттары келтірілген Алаштың-қазақ елінің біртуар азаматтарының қай-қайсысын алса да жасаған еңбектері ауыз толтырып айтарлықтай. Біздің үш ой алыбын бөлектеп алып отырған себебіміз, бұлар өз кезеңінің түсінігі бойынша да, егемендік алғалы бері қалыптасқан көзқарас бойынша да қазақ рухани элитасы дегенде ең алдымен еске түсіретін тұлғалар.

Олардың замандасы шыншыл ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Алаш қайраткерлерін халыққа таныстыру мақсатымен жазылған «Таныстыру» атты поэмасында «қара қазақтың» пікірі, бағасы ретінде берілген төрт шумақта былай делінген:

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі – Күн, Бірі – Шолпан, Бірі – Айым» [8, 34 б.].

Қазақтың құнарлы рухани топырағына Әлихан, Ахмет, Міржақыптар тастаған дән босқа

қурап қалған жоқ, көп уақыт өтпей-ақ қазақ қоғамдық ой-пікірінде азаттық, ағайындық, теңдіктің жыршысы Мағжанның әсем дауысы естілді. Бодандық қамытын қыса түсу үшін патша әкімшілігінің айла-шарғысының бірі сайлау болды. Сайлау елдің берекесін кетірді. Партия-партияға бөлініп, шен алуға, кектескен жауын мұқатуға ұмтылдырды, бір-бірімен қырқыстырды, жұлқыстырды, Абай сияқты аяулы ұлына қамшы салдырды, елді азуға, тозуға итермеледі. «Сайлау кезіндегі адам мен адалдық, берекетсіздік пен бірлік, адасу мен тап басу, еңкейген кәрі, еңбектеген бала тағдырына, кара бұқара тыныс тіршілігіне қандай кесепат пен шарапат тигізетіні туралы жұртын сүйген жүректің толғаулы ойлары, толымды тұжырымдары айызыңды қандырады. Әлсіздің көз жасы төгіліп, береке-бірлік кетіп, әке баладан, аға-ініден айрылған, жерінен жарылып, байлығы тоналған, жылаған қазақтың қалт-құлт күйіне Әлиханның қабырғасы қайысады. Сөйтсе де ол жасымай, өткен заманға салауат айтып, жаңа заман үшін «халық пайдасын қуған аға-іні болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға сал» деп ұран тастап, тіршілік жарасына шақырады [9, 50 б.].

Мағжанның да өскен, өркендеген, тәлім-тәрбие алған әлеуметі – қазақ. Жан-жақтан жау қысып ұлтынан береке кетіп, орыстың аузына қараған заман туындысы. Халқының басына төнген осы қаралы күндерді көзі көрген азамат қынжылды, қайғырды, ашынды, жазды, ұлттық сезімі оянды. «Жауынгердің жыры» атты өлеңінде осы сезімі туралы ашық жазды:

«Ұлт дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Ұлт үшін жаным садаға,
Бекіндім басты, байландым» [10, 94 б.].

Қазақ интеллигенциясының сөздерінен кезінде ұлтшылдықтың нұсқасын, жұрнағын іздегендер үшін жерден желкен тапқандай қуанатын, мойындау сияқты шумақ. Шын мәнінде бұл ұлт мүддесін, өз мүддесінен, тіпті өмірінен де жоғары қойған халқын сүйген ұлдың қасиетті анты еді.

Мағжан дүниелерінің терең де, ауыр, мұңлы-зарлы, түпсіз тұңғыық әлеуметтік мәні ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ой-пікірін тағы да бір айнасы пайда болуына алып келді. Бұл жылдардың кейінгі қазақ даласын сілкіндіріп

өткен оқиғалары 1916 жылғы патша жарлығына қарсы наразылық, Амангелді Иманов көтерілісі, 1917 жылғы екі төңкеріс, азаматтық соғыс, Алаш қозғалысы, кеңес үкіметінің қатыгез саясаты XX ғасыр басында тарих сахнасына шыққан жүздеген алып тұлғалардың шыңдала түсуіне, ой-пікірлерінің пісіп жетіле түсуіне негіз болды.

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ой-пікірінің ең басты мәселесінің бірі жаңа болмысқа сай адами тұлға қалыптастыру болды. Шынайы адам сипатына байланысты әр заманның өз талаптары бар. Сонымен қатар әлемдік философия тарихының өзегі іспеттес болып келген адам бойындағы ізгіліктік және ізгіліксіздік қасиеттердің күресін баяндайтын тәжірибесі тағы бар. Жалпы адамзаттық тәжірибенің негізінде анықталған тұлғалық кемелділіктің белгілеріне жататын қасиеттер тізбегінде еңбекқорлық, отанға сүйіспеншілік, адалдық, кішіпейілділік, қамқорлық, батылдық, қайырымдылық, мейірбандық, тіл саулығы, жан саулығы, ақыл-ой, парасаттылық бар. Адамның өмір сүретін табиғи, әлеуметтік ортасына, халықтың басынан өткеретін, тарихи жағдайына байланысты осы қасиеттердің қайсыбірі ерекше сұраныста болуы мүмкін. Заман талабы қандай қасиеттерді қажет ететінін ойшыл тұлғалар, қоғам қайраткерлері етене жақын танып біледі.

Ахмет Байтұрсынов ұлы Абай жолын қуып жаңа ұрпақ зиялыларына ұстаздық қызмет атқарды. Ол кезде қалың ұйқыда жатқан қазақ қауымына өз сөздерін жеткізу үшін таза әдебиет тілінде қазақша шығатын басылым ауадай қажет еді. Осы қажеттілікке жауап ретінде Ахмет басқарған «Қазақ» газеті 1913 жылы дүниеге келді. «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына» түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның самал желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға, заман ерік бермеген соң, «маса» болып талай ызындап «оятамын» деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет етіп алған Ахаңның екпіні болатын [11, 186 б.].

XX ғасыр басындағы А. Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары «білім беру үшін» дейтін жай ағартушылық ұраннан биік тұрған мақсатты білімді адамның пайдасына жаратуды, жанын, тәнін тазартуды, қоғамды білім арқылы көптеген құлықтылық, әлеуметтік келеңсіздіктерден ажыратуды көздеді. 1913 жылы қаңтардың

екінші жұлдызында шыққан «Қазақ» газетінің бірінші санында Байтұрсынов былай деп жазады: «Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Оқу, оқыту, мектеп, медресе, ғылым, өнер, тіл әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайында жазу». Ұлт ұстазы сол кезеңде қазақ болмысы үшін ең қажетті салаларды сөз етуге меңзеп отыр. Егер халқының күнкөрісі шаруашылығы түгелдей малмен байланысты болса, әрине, бұл саланы да жаңа негізде, ғылымның барлық жетістіктерін пайдалана отырып, қайта құру қажет. Осы жерде айта кететін бір жайт, қазақ зиялылары, патша үкіметі кезінде көтерілген «Қазақ халқы құрымас үшін отырықшы болу керек» деген, кейін кеңестік Қазақстанды Голощекин басқарған кездегі қазақтарды күштеп отырықшы жасау саясатына қарсы болды. Осы волонтаристік саясаттың кесірінен халықтың үштен бірінің аштан қырылғаны, елдің екінші рет дорбасын арқалап, ақтабан-шұбырындыға ұшырап тарыдай шашылғанына тарих куә.

Бір қарағанда, білім, ғылым жайын сөз ете отырып, Ахметтің мал дәрігерлігі туралы арнайы айтуы басқа тақырыпқа түсіп кететіндей болып көрінгенімен, оның терең мәні осында. Оның ойынша, қазақ халқын озық ұлыстар қатарына жеткізу үшін толық орыстанудың, шоқынудың ешбір қажеті жоқ. Бұл мәселеде үкіметтің мүддесі мен халықтың мүддесі арасында зор қайшылық туады. Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал әрбір халыққа керегі өз дінін, өз тілін, жазуын сақтау. Осыны қабылдасаң мектеп миссионерлік пікірлерден де, сол санаттан да аулақ болуы қажет.

Байтұрсыновтың екінші басты мақсаты оқу-білім ісін, ағартушылықты әлеумет, қоғам келбетін өзгертуге құрал етіп, күрескерлік дәрежеге көтеру. «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі» [12, 5 б.].

Дегенмен ұстазы Абай секілді жігерлі поэзия арқылы қазақ менталитетінде (ділінде) орын алған келеңсіздіктерді ащы сынға алып, күресу жолын да ұмытпайды. Бұған дәлел ретінде жүздеген өлеңдерінің екеуін ғана «Қазақ салты», «Қазақ қалпы» атты шығармаларын алсақ

та жеткілікті. Қазақ басындағы кемшіліктер жеке бастың мәселесі деңгейінен бүкіл ұлттың ар-намыс пен азаматтық қасиеттерді баулуға бағытталған саяси-қоғамдық дәрежеде сипатталады да, сыналады. Өзін-өзі күйттеген, шен-шекпен, мансап үшін ар-абыройын сатқан пенделер, ешкімге қайыры жоқ сараң байлар, жарқылдаған құр түймеге мәз болған оқығандар да ащы мысқылдан тыс қалмайды. Өлең жолдарын келтірсек: «Дегендер: мен жақсымын, толып жатыр, жақсылық өз басынан артылмаған; бос белбеу, босаң туған бозбола көп, киіздей шала басып, қарпылмаған; ақкөңіл алаң-бұлаң адамдар көп, есептеп азын көпке аңқылдаған; бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп, ұмтылып, талап ойлап талпынбаған; не пайда өнерің мен біліміңнен, тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?» [5, 24 б.].

XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының жан-жақты да терең зерттеулері қоғам өмірінің барлық салаларының жай-жапсарларын қамтиды. Елім, қазағым деп еңіреп өткен есіл ерлер уақыт, кезең, ел тұрпатын байқаған соң, қисын-қыстау, шым-шытырық заманның тұрақсыздығын сезіп білген соң, назарларын көбінесе болашаққа аударып, келер күннен үміт күтті. Жарқын болашақты дайындау жолы жас ұрпақты білімге, ғылымға ұмтылдыру деп түсініп, бар жігер-қайраттарын, күштерін ағартушылық ісіне бағыттады. Білім ғылымды тек уағыздап қана қойған жоқ, өздері де ұстаздық жасап, бастауыш, орта, жоғары білім ордалары деп бөліп жармай, ыңғайлы түскен жерде мұғалімдік қызмет атқарды.

Ыбырай Алтынсариннің жолын қуып Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және басқа қазақ зиялылары ұлттық тілде оқитын мектептер ашуға күш салып, өздері де сабақ жүргізеді. Қазақ тілінде оқыту кең етек жая қоймағандықтан, қазақша оқытуға байланысты туған көптеген мәселелерді де өздері шешуге талап жасайды. Бұл жолда әрине, Абай, Шоқан, Ыбырайлардан кейін дүниеге келген, олармен сабақтас тұтас бір зиялы, буынның ұстазы, төлбасы саналған Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі ерен зор. Өзі басқарған «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 11-ші нөмірінде жарияланған «Оқу жайы» атты мақаласында ол былай деп жазды: «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер

аз, оқу бағдарламасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін дара мұғалімун (педучилище) жоқ» [12, 252 б.].

Басқа тілдерді білуге қазақша оқу жазуды толық меңгеру негізінде ұмтылу қажет. Көптілділік адамның мәдени өрісін кеңейтіп, басқа ұлт өкілдерін толық түсініп, нағыз адами қасиеттерді өз бойында тәрбиелеуге негіз. Әрине бірнеше тілді жарым-жартылай меңгеру тіл шұбарлығына итеруі мүмкін. XX ғасыр басындағы орын алған, әсересе шолақ белсенділердің лексикасында көп кездестіретін тіл шұбарлығын Ахмет те, Міржақып та, Жүсіпбек те ащы тілмен сынайды.

Сонымен, XX ғасыр басында ғұмыр кешкен қазақ зиялыларының арасында ұстаздық қызмет атқармағандар кемде-кем. Дегенмен, қарапайым ұстаздықпен, күрескер белсенді ағартушылыққа көтерілгендердің алғашқысы Ахмет Байтұрсынов сынды азаматымыз болды. Жай ғана көш бастаушы емес, елі үшін жанын қиған асыл азаматтардың ең ардақтысы болды.

«Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп, Ахаңның ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттің елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [13, 191 б.].

Ахметтің жан-жақты және мол мұрасы өз кезеңіндегі қазақ болмысының барлық саласын қамтиды. Десе де, оның күрескер ағартушылық қызметі басқа салалардың бәріне сәуле түсіріп, нәр беріп, ұстаздық, ғұламалық сипат беріп тұрады. Байтұрсынов ағартушылық теориясына да, білім беру жүйесіне де еңселі үлес қосқан қайраткер.

Қазақстан автономиялық республика статусында Кеңес Одағына кірген 1920 жылдан бастап 1933 жылға дейін білім-ғылым бағытын басқарған кісілер қазақ зиялыларының ішіндегі ең көрнектілері еді. Бұлар А. Байтұрсынов, С. Садуақасов, О. Жандосов, С. Меңдешев, Т. Жүргеновтар. А. Байтұрсынов басқарған 1920-1921 ж.ж. өзінде жалғыз Семей облысында 696

мектеп ашылып, олардың 431 қазақ мектебі болды. Оқушылар саны 111360 адамды құрады. Бұл мектептердің басты мақсаты болып әлеуметтік тәрбие мен білім беру белгіленді. Яғни, ағарту ісінің негізгі бағыты жаңа заман талаптарына сай жаңа тұлғаны қалыптастыру болды.

Ұлы Абай айтпақшы, «Әр кімді заман сүйреме, заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, замана оны илемек». Абай қойған сауалдар 1920 жылдары тағы да зиялылар ойына орала берді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Мына заман» атты дастанында

«Әдемі-ақ мына заман билеп тұр ғой
Талайды тапыр қылып илеп тұр ғой.
Теке-бұға дегендей жаман дұға,
Түсінбеген көпіріп, күйлеп тұр ғой!» [14, 213 б.].

Ойшыл адамның басқалардан айырмашылығы оның замана талабын, әлеуметтік өзгерістердің жүрер бағытын анық түсініп, өзінің алдына қойған мұрат-мақсатын жүзеге асыруға ұтымды пайдалануында.

Қазақ елінің ел болуын, дамыған, өркендеген елдер қатарына қосылуын мақсат тұтқан Ахмет Байтұрсынов, ол үшін ең қажет білім деп түсінді. Білім беру қызметін ұлт жұмысының деңгейіне көтерді. Қазіргі кезеңде 23 жылдың дау-дамайымен егемен қазақ елі енді ғана, жеткен ақиқаттарды Ахмет осыдан 90 жыл бұрын айтқан. Мысалы, «Қазақ» газетінде ол былай деп жазған: Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Жұмысшы аз болса үлкен жұмыстың өнімі де аз, көп болса өнімі де көп болмақшы. Егер оқу іздеген талапкеріміз қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыра ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе? Бұл да сол сияқты емес пе? Кеңес дәуірінде орыс жұмысшысын шақырып, тәуелсіздік дәуірінде түрік, қытай жұмысшыларын шақырып, өз жұмысшыларын менсінбей, аз ақы төлеп қорлап, оқытпай келген үкімет Ақаң айтқан ақылға енді ғана келіп отыр. Жұрттың жұмысшысы еліне қайтады, сонда қазақ өндірісінде кім жұмыс атқарады? Шартпен келген алпауыттарға, қазақтан да жұмысшылар дайындаңдар деп айтуға үкіметтің батылы енді ғана жетіп отыр. Ұлт ұрпағы, ұлт болашағы үшін күресін бодандық заманынан бастап, қатыгез тоталитарлық жүйе кезінде де шегінбей

басын қатерге тіге отырып, оқу-біліммен қазақ жастарына байланысты, осы қаңғырып қалған балалар ұлттың ұлы емес пе? Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ, деп күйзеліс сезімін белдіреді.

Ағартушылық жұмысын алғашқылардың бірі болып бастаған ойшыл-қайраткер оның саяси-құқықтық мәнін де алғаш пайымдаған азамат. Қазақтың ісінің оңға баспайтындығының бір себебі басқа ұлт өкілдері оны аңғал, аңқау құр сөзге сенгіш деп есептеп, өз құқығын білмейтіндігін пайдаланып, тиісті сыбағасынан құр қалдырып отыратындығында дейді Ахмет.

«Оқу жайы» атты мақаласында: «Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға жұрт екендігімізді білдірер едік, деп ондай өктемдіктен, кемсітуден құтылу жолын да атап көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынов қазіргі уақытта білім беру, ағарту философиясы деп атап жүрген әлеуметтік философия саласының басты қағидаларының бірі болып есептелетін білімнің адамгершілік сипаты, білімді гуманитаризациялау жолы туралы да сөз қозғайды. Осыған байланысты ұлттық намыс, ұлтжандылық мәселесін де қамтып өтеді. «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы. Егер де осы күнгі орысша, мұсылманша оқығандардың арасында жұртым дер ұл шығып жатса, жұрттың өткізгенін төлеу үшін емес, адамшылық борышын басынан атқару үшін. Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілері де көбеюі ықтимал».

Байтұрсыновтың ағартушылық қызметінің философиялық мәні білім беруді тек жастардың сауаттылығын, ғылым жетістіктерін игеріп, түсіну дәрежесін көтерумен шектелмей ұлттық

ар-ождан, намыс, ата дәстүрі, ана тілі, салт-сана, адамгершілік, ізгілік құндылықтарын қалтарыста қалдырмай, шендестіріп бойға, санаға сіндіруінде деп тұжырым жасауға үлкен негіз бар. Оның бұл қызметі қоғамдық болмыста орын алған көптеген келеңсіздіктер мен мәңгүрттікке шалына бастаған, ұлттық тілден шалағайлық, ата дәстүрінен алшақтық, ұлттық сезімдерден қағажу қалушылық, өз мәдениетіне менсінбеушілік жайлаған, ортада, қауымда өтті. Осы себептен оның көзқарасында, ойларында өкініш те, өксу де, мақтаныш та, таң қалу да, сенім де, алданыш та, жұбаныш та, үміт те, яғни арлы намысты азаматтың бойында кездесуге тиіс барлық тебіреністер, сезімдер, қасиеттер орын алған. Әрбір саналы қазақ ұлы хакім Абай мұрасынан өз іздегенін табатыны сияқты ұстаз Ахметтің білім сандығынан әрбір ізденуші өз қажетін кездестіреді анық.

Күрескер ағартушылықтың алғашқы дәстүрін Байтұрсыновтан алған Міржақып Дулатов та бағыныштылық, құлдық, бойкүйездік, күйректік сезімдерді жиып қойып, қысыр қиялмен өзін-өзі алдаусыратып отыра беруден бой алыстатып Баласағұн уағыздаған кісілікке, Абай айтқан жуанмәрттікке, толық адамшылыққа күй түзеуге шақырады. Толық адамның басты қасиеті ар-намыс деп түсіндіреді. Жеке бастың намысының жөні бір бөлек, ұлт намысы үшін дүниеде қимайтын ешнәрсе жоқ деп ер жігіттің санасына осы биік қасиетті құюға әрекет жасайды.

«Бар жолдасын бойындағы, ар-иманың намысын,
Не қылайын деп едің сен, бұ жалғанның табысын!
Намысқа тиіп еді, қылдың құрбан мал-жанды,
Ата-ананды, аға-інің мен елі-жұртың жалғанды.
Мен де жаңа білдім енді ер жігіттің сымбатын,
Білдіруге келгеніңді ар-намыстың қымбатын...»

[15, 163 б.].

«Намыс құрбанына» деп айтылатын бұл өлеңде өтпелі кезеңдерде ерекше сұранысқа ие болатын айшықты адам қасиетін дәріптеп, жастар ғана емес, бүкіл жұртының айырылып қалған бұл құндылығын қайта жаңғыртуды мақсат етеді.

Үнемі әлеуметтік мәселелер туралы ойланып, елінің рухын көтеруді мұрат тұтып жүрген соң, көзі түскен әлем табиғат құбылыстары да ойын жандандыра кетеді. Таудан аққан тап-таза, салқын, көңіл сейілетін бұлақ суын қызықтап тұрып шығарған мына өлең шумақтары соның куәсі.

«Бұл сөзден ғибрат сол адамзатқа,
Тегін қыл жақсылықты, пұлға сапта.
Бұлақтай кез келгенге даяр болып,
Міндетсіз білімінді тарат халыққа.
Ақ пейіл, таза жүрек, жүзі жарқын
Секілді мөлдір бұлақ суы салқын.
Болғандай дертке шипа жаны сүйіп,
Шүбәсіз пайдаланар болсын халқың» [15, 105 б.].

Халқы үшін жасайтын жақсылығын міндет етпей, істеген ісіне ақы тілемейтін шын көңілмен қызмет ететін азаматтың қандай жан екендігін, оның ақ пейіл, таза жүрек, жүзі жарқын деген үш сипатынан-ақ аңғарамыз. Бұл сапалық қасиеттер Міржақыптың, жеке басының да қасиеттері. Заманының қалпына жігіт көз салып, өзі үшін налымай, тек халқының пайдасын, ойлаған өзі сияқты елім үшін жан пида деп бар қажыр-қайраттарын туған жұртына сарп етіп жүрген Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектерді, тағы да басқа зиялыларды Міржақып «ақылы кәміл жігіттер» санатына жатқызады. Ақылы кәміл намысшыл жігіттердің замана қай бағытта өзгерсе де тағдырлары өзгермейді, үкімет патшалық болсын, Кеңестік болсын олар үнемі қуғын-сүргінде жүреді.

Себебі олардың ұлтына пайда келтіруге тырысқан әрекеттері де, ойлары да ұлтшылдыққа жатқызылады. Орыс революционері Герценнің өзін ұлтшыл деген айыптауға қайтарған мынадай жауабы белгілі. Біз ешуақытта ұлтшыл болған емеспіз, түзу революцияшыл жолдан ешқандай күш ұлтшылдықтай алыстата алмайды. Бірақ ұлтыңды қорлаудан қорғау керек. Қазақ халқы бірнеше жүз жыл менсінбеудің, алдаудың-арбаудың, қорлаудың мектебінен өткен халық. Дулатов өзінің «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында бұл құбылыс туралы ашық жазды.

«Қазағым менің, елім менің. Ең алдымен қазақ халқы Ресейге тәуелді халық. Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмсалады. Халық күйзелісін жан-тәнімен сезінген көптеген адам есепсіз қаражат шашып, Петерборға жол тартып, министрлердің табалдырығын тоздырады. Бірақ оған құлақ асқан министрлер болмайды... Шенеуніктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе соны істейді. Енді шенеуніктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға араласа бастады. Соғыс жағдайын

енгізіп, 87-статья бойынша әр жерлерде дала соттарын құрды. Бұл соттардың шешімдері бойынша жанымен, тәнімен туған халқына берілген азаматтар асылып, атылып кетті. Қазірдің өзінде мындаған ерлеріміз шалғай жерлерде жүр немесе түрмелерде отыр» [16, 29-30 б.].

Міржақыптың баяндап отырғаны Бірінші орыс революциясынан кейінгі империяда қатал заңдар қабылданып, бұратана халықтардың жағдайы бұрынғыдан да нашарлай түскен кезеңі. Сол дүмпуге айдалада жүріп араласқан қазақ азаматтарының басына түскен тауқыметі туралы айтылып отыр.

«Үйренген халықпыз ғой кемшілікке,
Талпынып ұмтылмайтын кеңшілікке.
Осындай білінген соң мінезіміз
Кімде-кім біздің жұртты елсініп пе?
Қазағым, көрмегенің әлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Босында аяқ-қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң» [15, 33 б.].

Қазақ зиялыларының, оқығандарының басы көпшілігі басқа жұрттың төңкерістерінің шалғайында кетті, қимылдап өзінің елдігін, бостандығын, өз қамын ойлаған әлеумет те болған жоқ. Біраз жыл өте-келе Міржақыптың сақтандырған кеселінің бәрі ел басына төнді.

Халқының сезімін оятып, көзін ашып, өз-өздерін танып, ескіліктен арылып, жаңа өмірге ұмтылуға шақырған идеясы «Оян қазақтан» басталып, «Қазақ халқының бұрынғы хәм қазіргі халі», «Қазақ жерлері», «Таршылық халіміз жайында аз мінажат», «Насихат ғұмумия» өлеңдерінде жалғасып Дулатовтың отаншылдық, ұлтжандылық ерекше қасиетінің куәсі болды да қала берді. Ендігіде М. Дулатұлы бар күш-қайратын ағартушылық ісіне бағыттап, болашақ ұрпақтың санасында жастайларынан барлық ізгілік қасиеттерді қалыптастыруға салды.

Міржақып Дулатов «Оқушыларға жәрдем» атты мақаласында осы заман талабы қажет еткен іс туралы нақты әңгіме қозғайды. Ойлап қарасақ, біздің қазақ қолда барды да пайдалана алмайтын жұрт екен дейді ол.

«Бұл оқу тамақ болар қарны ашқанда,
Жол табар қараңғыда адасқанда.
Мал озбас, біле-білсең ғылым озар,
Ақыры керек болар бір сасқанда» [17, 130 б.].

Міржақып Дулатов сынды азамат көрнекті өкілі болып табылатын қазақ ағартушылығының

екі мәні бар. Сыртқы мәні-жаңа заман талабына сай саяси-әлеуметтік белсенділік танытатын ізгілік қасиеттерге бай ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ішкі мәні – балалық пен даналықты беттестіріп, адам табиғатына сай келетін оқу әдістеріне үйретті. Енді Міржақыптың жаңаша оқыту тағылымын сөзге тиек етеміз. Бұл жолда ағартушы-ойшылдың «Қирағат кітабы» білім философиясына байланысты көп мәселелерді қамтуымен біз үшін маңызды.

Ахмет Байтұрсыновты қадірлеп ұстаз тұтқан, оның жаңаша оқыту әдістерін қабылдап, осы жұмысқа үлес қосуға тырысқан Міржақып «Қирағат кітабына» алғы сөз ретінде ұстаз сөздерін келтіреді:

«Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық- өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауап алалық та!» [18, 35 б.].

Ахметтің «Тарту» деп аталатын бұл біржарым шумағы Ыбырай Алтынсариннің «Кел балар, оқылық» атты өлеңімен бірге мазмұны жағынан Міржақыптың айтқысы келген ойларымен өте үндес. «Қирағат» ұғымын Дулатовтың өзі баяндап оқыту деп анықтайды. «Қирағаттың мақсұтын түсінбеген адам мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды. Балаларға кітаптың құр қарасын саулатып оқыта береді. Жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге қалай үйретпек керек? Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлауына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті хәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек» [19, 14 б.].

Яғни, Ыбырай айтатын «оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» дегенге саяды. Және де оқудағы мақсат құрғақ білім беру ғана емес, біліммен бірге жақсы, өнегелі тәрбие де беру. Мектепте алатын тәрбиенің әсерлі, күшті, сіңімді болуы ана тілінде оқытып, өз ұлтының тұрмысы – салтынан, табиғатынан тағылымдық мәні бар мысалдар келтіруге де байланысты.

Сол кезде жас баланың санасына, ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңіп, болашақта ұлтжанды азамат болып шығады. Кейін қайда жүрсе де, нендей тіршілікпен айналысса да ұлттық рухы жасымайды, ұлттың сенімді ұлы болып қала береді. Міржақыптың ойларының дұрыстығын болашақ қаншама рет дәлелдеді.

Әдебиеттер

- 1 Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций / А.Х. Касымжанов; Центр по изучению наследия аль-Фараби и казахской духовной культуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 301 с.
- 2 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғ.ғ.) – Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004-2005.
- 3 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
- 4 Міржақып Дулатұлы. «Оян қазақ!» – Алматы: Алтын орда, 1991. – 80 б.
- 5 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 6 Ысмағұлов Ж. Міржақып Дулатұлы // Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. – 1-том. – Алматы: Мектеп, 2002. – 5-22 б.
- 7 Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. – 1-том. – Алматы: Мектеп, 2002. – 5-36 б.
- 8 Дәуір ақыны. Ұлы ақын Торайғыровка арналады / құраст. Ф.Қ. Бектұрбекова. – Алматы: ОҒК, 2002. – 255 б.
- 9 Нұргали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана: Күлтегін баспасы, 2002. – 528 б.
- 10 Жұмабаев М. 3 томдық шығармалар. – 1-том. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
- 11 Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
- 12 Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. – 2-том. – Алматы: Алаш, 2004. – 480 б.
- 13 Ауезов М. Аханның елу жылдық тойы // Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 185-190 б.
- 14 Көпейұлы М.-Ж. Мына заман / Көп томдық шығармалары. – 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 213-219 б.
- 15 Дулатұлы М. Намыс құрбанына / Бес томдық шығармалар жинағы. – 1-том. – Алматы: Мектеп, 2002. – 163 б.
- 16 Есим Ғ. Казахская философия. Пирамида в степи или Философия любви. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 54 с.
- 17 Дулатұлы М. Біздің мақсатымыз / Бес томдық шығармалары. – 2-том. – Алматы: Мектеп, 2003. – 29-30 бб.
- 18 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны // Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 298-304 б.б.
- 19 Дулатұлы М. Қирағат кітабы / Бес томдық шығармалар жинағы. – 4-том. – Алматы: Мектеп, 2003. – 11-109 б.

References

- 1 Kasymzhanov A.Kh. Prostranstvo i vremya velikikh traditsii / A.Kh. Kasymzhanov; Centr po izuceniu nasledya al-Farabi i kazakhskoi dukhovnoi kultury. – Almaty: Kazakhskii nacionalnyi universitet imeni al-Farabi, 2001. – 301 s.
- 2 Qoigeldiev M. Ultytyq sayasi elita men tagdyry (XVIII-XX g.g.) – Zertteuler. – Almaty: Zhalyyn, 2004-2005 zh.zh.
- 3 Auezov M. Abai Qunanbaev. Monografialyq zertteuler men maqalalar. – Almaty: Sanat, 1995. – 320 b.
- 4 Mirzhaqyp Dulatuly. «Oyan qazaq!» – Almaty: Altyn orda, 1991. – 80 b.
- 5 Baitursynov A. Shygarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 320 b.
- 6 Ysmagulov Zh. Mirzhaqyp Dulatuly // Mirzhaqyp Dulatuly. Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. T.1. – Almaty: Mektep, 2002. – 5-22 b.
- 7 Mirzhaqyp Dulatuly. Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. T.1. – Almaty: Mektep, 2002. – 5-36 b.
- 8 Daur aqyny. Uly aqyn Toraigyrovqa arnalary / qurastyrgan F.Q. Bekturbekova. – Almaty: O GK, 2002. – 255 b.
- 9 Nurgali R. Qazaq adebietinin altyn gasyry. Zertteu. Astana: Kultegin baspasy, 2002. – 528 b.
- 10 Zhumabaev M. 3 tomdyq shygarmalar. 1-t. – Almaty: Bilim, 1995. – 256 b.
- 11 Bes arys: Estelikter, esseler zhane zertteu maqalalar. – Almaty: Zhalyyn, 1992. – 544 b.
- 12 Baitursynuly A. Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. 2 t. – Almaty: Alash, 2004. – 480 b.
- 13 Auezov M. Ahannyn elu zhyldyq toiy // Bes arys. – Almaty: Zhalyyn, 1992. – 185-190 b.
- 14 Kopeiuly M. – Zh. Myna zaman / Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. 1 t. – Almaty: Alash, 2003. – 213-219 b.
- 15 Dulatuly M. Namys qurbanyna / Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. 1 t. – Almaty: Mektep, 2002. – 163 b.
- 16 Esim G. Kazakhskaya filosofiya. Piramida v stepi ili Phylosophya lubvi. – Almaty: Qazaq unyversyteti, 2005. – 54 s.
- 17 Dulatuly M. Bizdin maqsatymyz / Bes tomdyq shygarmalar. 2 t. – Almaty: Mektep, 2003. – 29-30 b.
- 18 Baitursynuly A. Qazaqtyn bas aqyny // Shygarmalar. – Almaty. Zhazushy, 1989. – 298-304 b.
- 19 Dulatuly M. Qiragat kitaby / Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. 4 t. – Almaty: Mektep, 2003. – 11-109 b.